

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Баспана мәселесі

ЖАРИЯЛАНДЫ  
13.10.2022СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/126515/

Баспана адамның өмірінде өте үлкен рөлді атқарады. Біздің Қазақстан мемлекетінде баспана мәселесі төмен деңгейде. Қазақстан мемлекетінде 43% халық өзінің жеке баспанасы жоқ. Олардың бірі студенттер, баспана жалдаушылар, үйсіздер (тұрақты баспанасы жоқтар) т.б. Баспана жалға беретіндер уақыттан уақытқа, айлық төлемін арта береді.

Жеке баспана мәселесі Қазақстандағы көптеген отбасылар үшін өзекті. Әркім қалаған мүлікті алып, сатып ала алмайды, сондықтан ең танымал опция ипотека болды және болып қала береді. Ең қолайлы нұсқаны қалай таңдауға болады, қандай мемлекеттік бағдарламалар бар және қандай нюанстарды ескеру керек.

Банктен ипотека алу оңай сияқты. Дегенмен, көптеген мәселелер бар: мысалы, банктер ипотеканы тек теңгемен, 17-ден 21%-ға дейін және міндетті бастапқы жарнамен сомадан 30-дан 50%-ға дейін береді. Клиенттің Қазақстан Республикасының азаматтығы болуы, кемінде 21 жаста болуы және несиелік келісім-шарттың клиент 55-60 жасқа толғанға дейін аяқталуы маңызды. Оған қоса, тұрақты жұмыс орны, тұрақты зейнетақы жарналары және құжаттардың толық пакеті қажет.

Ресей Федерациясына тоқтала кететін болсақ 19,5% ресейліктердің жеке баспанасы жоқ және бөлме немесе пәтер жалдайды, Ресейдің жері біздікінен әлдеқайда үлкен, бірақ баспанасыз адамдар саны біздікінен әлдеқайда аз. Ресейдің жері үлкен болғанымен ол проблема әлі күнге дейін актуалдық. Әрбір елде бұл мәселе болған бар және де болады.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.